

Негізгі әдебиеттер:

1. Мороз С.П. Инвестициялық құқық: Оқулық – Алматы: ҚазақМЗУ, 2007
2. Мороз С.П. Актуальные проблемы инвестиционного права : Курс лекции. – Алматы: НИЦ КОУ, 2013;
3. Хазанович Э.С. Иностранные инвестиции: учебное пособие. 3 -е изд., перераб. – М.: КНОРУС, 2013;
4. Фархутдинов И.З. Международное инвестиционное право и процесс. – Изд. «Прспект», 2014;
5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. <http://adilet.zan.kz>;
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы №498 қаулысымен бекітілген «Ұлттық инвестициялық стратегия » инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама сы. <http://adilet.zan.kz>.



1-тапсырма

Шетелдік инвестор Қазақстан Республикасында инвестицияларды салып, бизнес жүргізуді қалап отыр. Осы мәселе бойынша ол жергілікті заңгерлік кеңседен кеңес беруді сұрады. Инвестордың пікірі бойынша жаңа фирма мыналарды қамтамасыз етуі керек:

- 1) кез келген коммерциялық немесе қайырымдылық қызметпен айналысу мүмкіндігі;
- 2) компания басшылығының іс-әрекеттеріне барынша толық бақылау;
- 3) фирманың қызметі туралы негізгі қаржылық ақпараттың (бухгалтерлік есеп, баланс және т.б.) құпиялылығын сақталуы;
- 4) осындай фирманың міндеттемелері бойынша оның капиталына салынған жарнаның мөлшерімен құрылтайшының жауаптылығын шектеу.

Заңгерге сондай-ақ:

- Компания міндетті түрде заңды тұлға болуға тиіс пе?
- «Заңды тұлға» термині ұлттық заңдарда қалай түсіндіріледі?
- Осындай Фирманың құрылтайшылары ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары қатысуы мүмкін бе?

Заңгердің атынан кеңес беріңіз.

Сіз қандай заңды тұлғаны құруды ұсынасыз?



«Халықтың көші-қоны туралы» Заңы

- Бизнес-көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттары
- 1. Бизнес-көшіп келушілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының аумағында болуының міндетті шарты болып табылады.
- **2. Бизнес-көшіп келуші Қазақстан Республикасының аумағына келген күнінен бастап екі ай мерзім ішінде:**
- 1) Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асырушы коммерциялық ұйымдар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамына енуге;
- 2) заңды тұлғаны тіркеу кезінде оның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен мөлшерден кем емес ақша сомасын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне енгізуге міндетті.
- Бизнес-көшіп келушілер осы бапта белгіленген міндеттерді орындамаған жағдайда ішкі істер органдары жергілікті атқарушы органдардың қолдаухаты негізінде бизнес-көшіп келушілердің болу мерзімін олардың ерікті түрде кетуіне қажетті мерзімге қысқарту туралы шешім қабылдайды.
- Бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады.
- 3. Бизнес-көшіп келушінің Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үшін жабдықтар әкелуі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.
- 4. Бизнес-көшіп келушілер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруына ашық аумақтары бойынша еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жерін таңдай алады.



Негізгі түсініктер

Жаһандану, немесе **Глобализация** (ағылш. *Global* — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт.

Экономикалық жаһандану екі үрдістің жиынтығын — *нарықтардың* жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және *экономикалық нысандардың* жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының — компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта экономикалық Жаһанданудың нақты сипаттары бар:

- 1) үлкен компаниялардың жетекші рөлі;
 - 2) жаһандық қаржы, валюта және қор рыноктарының қызмет етуі;
 - 3) жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;
 - 4) жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы мен қызмет етуі;
 - 5) барлық ұлттық және халықар. қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы;
 - 6) бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларын жаһандық желіге аударылуы;
-



Жаһандану - бүкіләлемдік экономикалық, саяси, мәдени және діни интеграция және бірігу процесі

«Саясат» журналы оқырмандарға Алматы қаласы тұрғындары мен Қазақстан даму институты ұйымдастырған жаһандану проблемалары бойынша сауалнаманың нәтижелері туралы хабарлады. Жаһанданудың Қазақстандағы қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайға қалай әсер ететіндігі туралы сұраққа жауаптар қызықты болды:

- ▣ **респонденттердің 20,5% -ы жаһандану мемлекетке елеулі пайда әкелетініне сенеді;**
- ▣ **19.3 - елдің азаматтарының аз ғана бөлігі жаһанданудан пайда көреді;**
- ▣ **17 - Қазақстан шикізат жеткізуші ретінде жаһандану үдерісіне қатысады;**
- ▣ **6.8 - жаһандану нәтижесінде республика экономикалық тәуелсіздігінен айырылады;**
- ▣ **5.7 - жаһандану бай және кедей арасындағы алшақтықты күшейтеді;**
- ▣ **5.7 - жаһандану мемлекетке пайда бермейді;**
- ▣ **3,4 - ел саяси тәуелсіздігінің жоғалуы салдарынан жаһанданудың қатысушысы болады;**
- ▣ **3,4% - Қазақстан жаһандану үдерісінің шетінде қалады;**
- ▣ **12,5% - жауап бере алмады.**
- ▣ **Редакция жаһанданудың Қазақстанға ықпалы туралы сұрақтарға жауаптарды талдап, жалпы айтқанда респонденттер оған пессимистік сипатпен қарайтының қорытты.**

► **Сұрақ: Сіздің пікіріңіз қандай?**

Жаһанданудың артықшылықтары

- **Жаһандану үлкен қаржы ресурстарын жұмылдыруға, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, бұл нарықтардың көбеюінде кеңірек қаржы құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді;**
- озық технологиялар көлік, телекоммуникация және есеп айырысу шығындарын күрт қысқартады, ұлттық нарықты жаһандық интеграциялауға ықпал етеді;
- **жаһандану көптеген шектеулерді төмендетеді, соның ішінде еңбек және капиталды шекаралар арқылы қозғалысқа келтіру;**
- дамушы елдер көпұлтты компаниялардың қызметі арқылы әлемдік өндіріс процесіне қатысады;
- **ақпараттық технологиялар саласында өндірістік және өндірістік емес салаларда жаңа жұмыс орындары ашылады;**
- ақпаратқа қол жеткізу, заманауи ғылыми-техникалық әзірлемелер кеңейтілетін болады;
- **өмір сүру деңгейі көтеріледі, әлемнің көптеген өңірлерінде әлеуметтік көрсеткіштердің салыстырмалы түрде жақсаруы болады;**
- ДСҰ-ға кіру импортқа тосқауылдарды азайтады;
- **индустриялық-технологиялық зерттеулердің құнын күрт көтеретін болады, өйткені жаһандану өнеркәсіпке, әсіресе ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерге әсер етеді;**
- ұлттық мәдениеттерге таңдаулы селективті қабылдау мен басқа да өркениеттердің жаңа тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік береді.



Жаһанданудың кемшіліктері

- жаһандандыруға қарсы қозғалыстар жандандырылады; әсіресе, халықаралық ұйымдардың тұрақсыздандыру салдарынан тәртіпсіздіктер болып әскери мекемелер, және ірі банктердің қауіпсіздік жүйелеріне зиян келтірілуі мүмкін;
- ХВҚ, ДСҰ және Дүниежүзілік банк тарапынан кедей елдердің берешек ауыртпалығын өсіріп, үкіметтер Әлеуметтік шығыстарды азайтуға мәжбүр болады;
- **трансұлттық корпорациялар дамушы елдерде арзан жұмыс күшіне ие болады және аймақтық бақылау жасау үшін инвестицияларды пайдаланады;**
- экологтар қазіргі заманғы Әлемдік экономика қоршаған ортаға зиянды өтеуге бағытталған емес деп санайды;
- **ұлттық үкіметтер БАҚ иелері мен халықаралық бюрократия, ТҰК қысыммен саяси және экономикалық қуатын жоғалтады;**
- жаһандану ұлттық мемлекеттердің жойылуына, біртұтас Әлемдік үкімет құруына әкеледі;
- **дамыған елдер мен үшінші Әлем елдерінің арасындағы алшақтық тереңдетіледі;**
- сыртқы сауда және экспортқа байланысты салалар пайда көреді;
- шикізат экспортқа бағдар елдер үшін қауіпті Батыстың шикізат шылауы немесе оның мәңгілік борышкер болуы мүмкіндігі.



Кәсіпкерлік кодекс

26-тарау. ҮШІНШІ ЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ АРНАЙЫ ҚОРҒАУ, ДЕМПИНГКЕ ҚАРСЫ ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ШАРАЛАРЫ

297-бап. Ішкі нарықты қорғау шараларын енгізу туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында үшінші елдерден шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты ішкі нарықты қорғау шаралары арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары түрінде енгізілуі мүмкін.

Үшінші елдер деп Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың қатысушылары болып табылмайтын елдер және (немесе) елдер бірлестіктері, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін Әлем елдерінің сыныптауышына енгізілген аумақтар түсініледі.

2. Арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын енгізу және қолдану, қайта қарау немесе олардың күшін жою не тиісті шараны қолданбау туралы шешімдерді Еуразиялық экономикалық комиссия қабылдайды.

Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану алдындағы тергеп-тексеруді жүргізу «Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Инвестор

Инвестиция кұю

Инвестиция



Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі

- **274-бап. Инвестициялар, инвестор, ірі инвестор және инвестициялық қызмет ұғымдары**
- 1. Лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) **инвестициялар болып табылады.**
- 2. **Инвестор деп** Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар түсініледі.
- 3. Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі **инвестициялық қызмет** деп танылады.
- 4. **Ірі инвестор деп** Қазақстан Республикасында айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға түсініледі.

Инвестициялық ахуал

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты экономиканың басым секторларында тауарлар өндіруді, жұмыс атқару мен қызмет көрсетуді, жеделдете дамытуды қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау болып табылады.

Мақсатқа жету процесінде Қазақстан Республикасы төмендегідей міндеттерді шешеді:

- 1) жаңа технологияларды, озық техника мен “ноу – хауды ” енгізу;
 - 2) ішкі рынокты жоғары сапалы тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен молықтыру;
 - 3) отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру;
 - 4) экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту;
 - 5) Қазақстан Республикасының шикізат ресурстарын ұтымды да кешенді пайдалану;
 - 6) менеджмент пен маркетингтің осы заманғы әдістерін енгізу;
 - 7) жаңа жұмыс орындарын құру;
 - 8) жергілікті кадрларды оқытып – үйретудің үздіксіз жүйесін енгізу, олардың біліктілік деңгейін арттыру;
 - 9) өндірістің қарқындылығын қамтамасыз ету;
 - 10) қоршаған табиғи ортаны жақсарту.
-



Мемлекеттің инвестициялық ахуалы

Инвестициялық ахуалды инвестормен бағалау

Макро деңгейде

- Тұрақты заңнама базасы
- Мемлекеттің инвестициялық саясаты
- Саяси жағдай

Мезо деңгейде

Инвестициялық әлеуеттер:

- ресурстар мен шикізат
- еңбек ресурстары
- өндірістік/инновациялық
- инфрақұрылым (жолдар)
- Қаржы
- экспорт

Микро деңгейде

- кәсіпорының экономикалық әлеуетті
- жабдықтың жай-күйі
- инновациялық орта

Инвестициялық тәуекелдер


- экономикалық
- қаржы
- саяси
- сыртқы экономикалық
- әлеуметтік

- экологиялық
- қылмыстық
- заңнамалық

Қазақстанның инвестициялық ахуалына жарнама

ҚАЗАҚСТАН

жер көлемі бойынша әлемдегі **9-шы орындағы** мемлекет Еуразияның дәл ортасында орналасқан, ауқымы жағынан **500 миллионға** жуық адамды қамтитын нарыққа жол ашады



- Еуразиялық экономикалық одақ ЕАЭО – 180 млн.
- Орталық Азия – 49 млн.
- Каспий теңізі арқылы ашылатын нарық – 235 млн.
- БатысҚытай – 21 млн.

WORLD TRADE ORGANIZATION



Дүниежүзілік
сауда ұйымына
мүше



ЕҚЫҰ
мүше



Еуразиялық
Экономикалық
одаққа (ЕАЭО)
мүше

Әлемнің барлық мемлекеттерімен бейбіт әрі тұрақты қарым-қатынастар
Fitch - BBB (stable), S&P - BBB, Moody's - Baa3 (stable)
Білікті еңбек ресурстары



Ұзақмерзімді болжамдарда ІЖӨ-нің тұрақты өсуі
*Дүниежүзілік валюта қорының болжамдарына сәйкес

1
орын

Орталық Азияда инвестициялық ахуал бойынша

36
орын

"Бизнес жүргізу" рейтингісінде

топ
10

Дүниежүзілік банктің "Doing business" рейтингі аясында реформатор-мемлекеттер қатарында

18
орын


189 мемлекеттің ішінде салық саласының қолайлығы бойынша

11 - еркін экономикалық аймақ
20 - дан астам индустриалдық аймақ

Жекешелендірудің кешенді жоспары
2018-ші жылы "Астана" Халықаралық қаржы орталығының іске қосылуы



Әлемнің 65 мемлекетімен
визасыз қатынау мүмкіндігі



СТАТИСТИКА ПО ПРЯМЫМ ИНОСТРАННЫМ ИНВЕСТИЦИЯМ (ПИИ)

(по данным Национального банка Республики Казахстан)

20,8 млрд.долл.

Объем валового притока ПИИ по итогам 2017 года



↑ Динамика роста по отраслям обрабатывающей промышленности



2-тапсырма

Отандық ұйым 2017 жылғы 30 сәуірдегі бір-қозғалтқыш әуе кемесін сатып алу туралы келісім-шарты бойынша оған төлем жасалмағаны үшін бір неміс компаниясына қарсы сотқа шағым берді.

Шағымда талапкер Шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының ережелеріне негізделген (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы шешіммен қосылды). Атап айтқанда, Конвенцияның 26-бабында (Pacta sunt servanda) сәйкес күшіне енген әрбір шарт оның тараптары үшін міндетті болып және адал орындалуы көзделген. Алайда, жауапкер аталған Вена конвенциясы осы дауға қолдануға жатпайтының атап өтті.

Сұрақтар:

Осы тараптар арасында жасалған келісім-шартқа аталған Вена конвенциясының ережелері қолданылама?

Осы дауды шешу үшін қандай құқықтық нормалар пайдаланылуы тиіс?



Талқылауға арналған сұрақ

- Инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу пәніне қандай мәселелерді жатқызуға болады?
 - Ішкі мемлекеттік қатынастар халықаралық-құқықтық реттеудің шеңберінде болуы мүмкін бе?
 - Сіздің ойыңызша, елдің ұлттық мүдделері мен шетелдік инвесторлардың мүдделерінің ескеретін, мемлекеттің тамаша инвестициялық саясаты қалай болуға тиіс.
-



Шетел инвестицияларының құқықтық реттілігі

- Бүгінде шетел инвестицияларын құқықтық реттеу ұлттық және халықаралық деңгейлерде жүзеге асырылады.
 - Шетелдік инвестициялармен байланысты қатынастарды ұлттық құқықтық реттеудің кемшіліктері халықаралық-құқықтық реттеу арқылы өтелуі мүмкін.
 - Ұлттық заңнамада көзделген шетелдік инвестициялардың кепілдіктері кез келген уақытта жаңа заңның қабылдануына байланысты жойылуы мүмкін.
 - Халықаралық шартпен қамтамасыз етілген кепілдіктер мемлекет тарапынан біржақты тәртіпте жойылуға шек қойылып отыр, сондықтан шетелдік инвесторлар үшін шетелдік инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу аса маңызды болып отыр.
-



Шетелдік инвестициялық режимдердің құқықтық параметрлері

Халықаралық инвестициялық заңнама теориясы мен практикасы шетел инвестицияларының режимдерін абсолютті және салыстырмалы түрде бөледі.

Абсолюттік режимдер бұл инвестицияларды толық қорғау, кемсітушілікке жол бермеу, инвестицияларға қатысты міндеттемелерді әділетті түрде орындау.

Салыстырмалы режимдер - ең қолайлы режим және ұлттық режим .



3-тапсырма

А мемлекеті және В мемлекеті халықаралық шарт жасасты. Біраз уақыттан кейін А мемлекеті жасалған шарттың нормалары оның конституциялық құрылымына қайшы келетінін жариялап, осы шартты орындаудан бас тартты.

Алайда, Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 26-бабында (Pacta sunt servanda) күшіне енген әрбір шарт оның тараптары үшін міндетті болып және адал орындалуы көзделген.

Сұрақтар:

В мемлекеті А мемлекетті осы шартты орындауға мәжбүрлей ала ма?

А мемлекетте халықаралық шартты орындаудан бас тартуға құқығы бар ма?



Шетелдік инвестицияларына Ұлттық режимі

- Шетел инвестицияларына ұлттық реттілік дегеніміз ұлттық (отандық) инвесторларға берілген құқықтармен бірдейлестіру, яғни бірыңғай реттілік белгілеу.
- Демек, «ұлттық режим» - қабылдаушы мемлекеттің аумағында инвесторлардың құқықтары негізінен капиталдың шығу елінің заңдары емес, жергілікті (ұлттық) заңдармен айқындалатын осындай режим.
- Батыс доктринаға сәйкес, қабылдаушы мемлекет шектеулер мен арнайы талаптар қоюға құқылы, бірақ, егер инвесторлар екі жақты инвестициялық келісімдерде кепілді болып табылатын құқықтарына қысым жасамайтын болса.
- Шетелдік заңды тұлғалардың ұлттық режимінен босату, әдетте, үш бағыт бойынша шоғырланған
 - 1) шетелдік заңды тұлғалардың құқықтарын шектеуді көздейді;
 - 2) оларға белгілі бір жеңілдіктер беріледі;
 - 3) құқықтарды пайдалануға қосымша жағдайлар жасайды.

Мысалы: Жер кодексінде шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар және шет елдік заңды тұлғалар шекара аудандарында орналасқан жер учаскелеріне меншік құқығына ие болмауы қарастырылған.

Кемсітпеушілік режимі

- **Кемсітпеушілік реттілігі халықаралық құқық институтымен тығыз байланысты.**
- Кемсітпеушілік реттілігінің мәні мынада: сауда-экономикалық қатынастар саласында шетел инвесторларына, олардың қай мемлекетке жататыны мен қай қоғамдық - саяси жүйеден екеніне қарамастан, кемсітпеушілікке жол бермеуге тиіс.
- **Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқықтарының белгілі бір деңгейде шетелдіктерге беру міндеттемесі.**
- ***Мысалы:** БҰҰ Жарғысы, Адам құқықтары жөніндегі пактілер (1966), Адам құқықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция (1950) және басқа да бірқатар халықаралық келісімдер шетел азаматтарына олардың азаматтары мен бизнесіне, сондай-ақ үшінші елдердің азаматтарына қатысты кемсітуге тыйым салады.*



Барынша қолайлылық реттілігі

- Барынша қолайлылық реттілігімен шетел инвесторлары өзінің қызметін қабылдаушы мемлекет аумағында жүргізе отырып, басқа да шетел инвесторлары сияқты құқықтарға ие болады.
- Барынша қолайлылық реттілігі мемлекеттер - Әлемдік сауда ұйымының (ӘСҰ) мүшелері, Солтүстік Америка еркін сауда аймағына қатысушылар (НАФТА) (мұның құқықтық негіздері АҚШ, Канада және Мексика арасындағы еркін сауда аймағын жасау туралы 1992 жылғы Шартпен орныққан болатын) арасында өзара қарым-қатынастарды реттеудің негізі болды.
- Мұның жеңілдіктер саласындағы ерекшелігі сол - инвесторлардың жекеленген категорияларына мен жеңілдіктер беріледі.
- Бұл кейде ұлттық инвесторларға қарағанда, шетелдік инвесторлардың басымдық жағдайы қарастырылған, бірақ халықаралық инвестициялауда бұл реттілік кеңінен тарай қоймаған. Қазақстан Республикасында, жоғарыда атап өтілгендей, шетелдік инвестицияларға ұлттық реттілік берілген.



Преференциялар беру реттілігі

- Инвесторлардың жекелеген санаттарына инвестициялық ынталандыру және жеңілдіктер беру.
- Шетелдік инвесторлардың басым көпшілігін ұлттық (отандық) инвесторлармен салыстырғанда шоғырландыру, бірақ осы режим халықаралық инвестициялар тәжірибесінде кеңінен қолданылмады.
- Қазақстан Республикасында шетел инвестициялары ұлттық режимде жүзеге асырылады.



Өзара қарым-қатынас принципі

- Өзара түсіністік принципі кең және тар мағынада түсініледі.
- **Кең мағынада**, мемлекеттер өздерінің заңдарының әрекеттерін және шет мемлекеттің заңдары негізінде туындайтын құқықтарды өзара тануын білдіреді.
- **Тар мағынада** өзара қарым-қатынас ретінде белгілі бір режимді бір бірімен анықтау.

- **Халықаралық шарттардағы өзара қарым-қатынас принципі:**

«Құрлықішілік мемлекеттердің транзиттік саудасы туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 20 наурыздағы Заңында

I. Теңіз жағалауы жоқ мемлекеттердің жағалау мемлекеттерімен тең құқықта теңіздер еркіндігін пайдалану үшін теңізге еркін кіру мүмкіндігі болуы тиіс. Осы мақсат үшін теңіз бен теңіз жағалауы жоқ мемлекеттің арасында орналасқан мемлекет, осы соңғысымен жалпы келісім бойынша және қолданыстағы халықаралық конвенцияларға сәйкес:

- а) теңіз жағалауы жоқ мемлекетке **өзара негізде** өз аумағы арқылы еркін жол береді және
 - б) осы мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерге өз кемелерімен немесе басқа мемлекеттердің кемелерімен тең жағдайда теңіз порттарына және осы порттарды пайдалануға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
-



Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

▣ 1089-бап. Өзара түсіністік

1. Шетел құқығын өзара түсіністік негізінде қолдану Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті шет мемлекеттегі ұқсас қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығын қолдануға болатын-болмайтындығына қарамастан, сот шетел құқығын қолданады.

2. Егер шетел құқығын қолдану өзара түсіністікке байланысты болса, өзгеше дәлелденбегендіктен, ол бар деп ұйғарылады.



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі

476-бап. Құқықтық көмек туралы тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасының соттары заңнамада және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделетін көлемде құқықтық көмек көрсетеді.

Құқықтық көмек көрсету, хабарламаларды, басқа да құжаттарды тапсыруды және жіберуді, сондай-ақ өзге де процестік әрекеттерді орындауды, атап айтқанда, тараптарды, куәгерлерді тыңдауды, сараптама жүргізуді, сол жерде қарап-тексеруді, орындалуы құқықтық көмек көрсету шеңберінде заңнамада немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта не **өзара негізде** көзделген басқа да процестік әрекеттерді қамтиды.

2. Қазақстан Республикасының соттары:

1) тапсырманы орындау Қазақстан Республикасының егемендігіне нұқсан келтіретін немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін;

2) тапсырмаларды орындау соттың құзыретіне кірмейтін жағдайларды;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, өздеріне заңда немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта не өзара негізде көзделген тәртіппен берілген жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы шетелдік соттардың тапсырмаларын орындайды.

3. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шетелдік соттардың жекелеген процестік әрекеттерді орындау туралы тапсырмаларын орындау осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының соттары жекелеген процестік әрекеттерді орындау туралы тапсырмалармен шетелдік соттарға жүгіне алады.

5. Қазақстан Республикасы соттарының шетелдік соттармен қарым-қатынас жасау тәртібі заңда немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда не **өзара негізде айқындалады**.

6. Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі туралы заңнамасының қолдануын және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмекке жүгінуді егжей-тегжейлейтін нұсқаулықты соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган бекітеді.



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі

497-бап. Өзара түсіністік қағидатын қолдану

1. Шет мемлекетке қойылған талап қоюды Қазақстан Республикасының сотында қарау кезінде сот талап қоюшының немесе іске қатысатын басқа да адамның өтінішхаты бойынша **өзара түсіністік қағидатын қолданады**.

2. Кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтен тыс азаматтық-құқықтық мәмілелерден туындаған даулар бойынша тиісті шет мемлекетте Қазақстан Республикасына берілетін юрисдикциялық иммунитеттің көлемін дәлелдеу **өзара түсіністік қағидатын** қолдану туралы өтінішхат берген адамға жүктелуі мүмкін.

3. Егер өзіне қатысты юрисдикциялық иммунитет туралы мәселе туындаған шет мемлекетте осы Кодекске орай шет мемлекетке берілетін иммунитетке қарағанда Қазақстан Республикасына юрисдикциялық иммунитет неғұрлым шектелген көлемде берілетіні дәлелденсе, онда Қазақстан Республикасының соты көрсетілген мәселені **өзара түсіністік негізінде** шешу кезінде Қазақстан Республикасының тиісті шет мемлекетте юрисдикциялық иммунитетті қандай көлемде пайдаланатынын негізге алуға құқылы.



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі

501-бап. Шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау

1. Татуласу келісімдерін бекіту туралы шешімдерді, қаулыларды және ұйғарымдарды, шетелдік соттардың сот бұйрықтарын, сондай-ақ шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін, егер осындай актілерді тану және орындау заңнамада және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта **не өзара негізде көзделсе**, Қазақстан Республикасының соттары таниды және орындайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген актілерді танудың және орындаудың шарттары мен тәртібі заңда айқындалады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген актілер олар заңды күшіне енген кезден бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға берілуі мүмкін. Дәлелді себеппен өткізіп алынған мерзімді осы Кодекстің 126-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының соты қалпына келтіруі мүмкін.



Реторсиялар

- Бір мемлекеттің басқа мемлекеттің азаматтар мен заңды тұлғаларына қатысты негізсіз, кемсітушілік шектеулеріне жауап беру әрекеттер халықаралық құқықта реторсиялар деп (санкциялар) танылады.
- Әрбір мемлекеттің реторсияларды енгізу құқығы халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бірі болып табылатын мемлекеттің егемендік теңдігі принципінен туындайды.
- Реторсиялар тиісті мемлекетке қатысты өзара қарым-қатынас принципін қалпына келтіруге бағытталған. Қарсылықты қолдану кемсітпеушілік принципін бұзу дегенді білдірмейді.
- Қайта қалпына келтіру шаралары оларды тудырған актіге сәйкес болуы және статус-кво қалпына келтірілгеннен кейін тоқтатылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

1093-бап. Реторсиялар

Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарына арнайы шектеулері бар мемлекеттердің азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарына қатысты Қазақстан Республикасы қарсы шектеулер (реторсиялар) белгілеуі мүмкін.



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі

472-бап. Шетелдік тұлғалардың процестік құқықтары мен міндеттері

1. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік және халықаралық ұйымдардың (бұдан әрі – шетелдік тұлғалар) өздерінің бұзылған немесе дауланып отырған құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының соттарына жүгінуге құқығы бар.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, шетелдік тұлғалар процестік құқықтарды пайдаланады және процестік міндеттерін Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей орындайды.

3. Соттарда шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша сот ісін жүргізу осы Кодекске, өзге де заңдарға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының процестік құқықтарын арнайы шектеулерге жол берілетін мемлекеттердің шетелдік тұлғаларына қатысты Қазақстан Республикасы қарсы **шектеулер (реторсиялар) белгілеуі мүмкін.**



«Эксаумақтық» ұстаным

Шетелдік инвестицияларды ұлттық-құқықтық реттеу тәжірибесінде мемлекет өздерінің ішкі заңнамасының халықаралық инвестициялық саладағы экстерриториялық әсерін енгізуге тырысатын жағдайлар да бар.

Мысалдар:

Халыққа қызмет көрсету орталықтары.

«Әділетсіз шарттар» кезеңі

Корпоративтік байланыс



4-тапсырма

Қазақстандық ұйым шет мемлекеттің елшілігіне өз қонақтарын қабылдау үшін шағын қонақ үйді салып берді.

Алайда, Елшілік осы құрылыс компаниясына толық төлем жасамай қойды.

Қазақстандық ұйым сот процесіне дайындық аясында Елшілікке тиісті наразылықты жіберіпті.

Дегенмен, елшілік осы наразылыққа қарсы ретінде өзінің иммунитеті бар екенін жауап берді.

**Осы мәселе бойынша құқықтық кеңес
беріңіздер?**



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі

477-бап. Шет мемлекеттің иммунитеті

Осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, шет мемлекет Қазақстан Республикасында соттық иммунитетті, талап қоюды қамтамасыз етуге қарсы иммунитетті және сот актісін мәжбүрлеп орындатуға қарсы иммунитетті қоса алғанда, юрисдикциялық иммунитетті пайдаланады.

478-бап. Соттық иммунитет

Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес шет мемлекет, егер ол соттық иммунитеттен бас тартуға келіссе не осы Кодекстің 484-бабына сәйкес шет мемлекетке иммунитет қолданылмайтын болса, сондай-ақ егер ол мемлекеттің егемен билігін жүзеге асырудан өзге қызметті жүзеге асырса, оның ішінде осы Кодекстің 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490 және 491-баптарында көрсетілген жағдайларда Қазақстан Республикасында соттық иммунитетті пайдаланбайды.



**Осы слайд қандай мағынаны білдіріп
отыр?**



Тапсырма

Қазақстан Республикасында тіркелген «Беркут» ЖШС 2018 жылғы 12 мамырда жасасқан жалпы құны 5 миллион еуроға сәйкес 500 тоннаға астықты жеткізу келісімшарттынын бұзылуына байланысты Румынияда орналасқан «Алмаз» компаниясына қарсы сотқа шағымданды. Шағымда талапкер Шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының ережелеріне негізделген (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы шешіммен қосылды). Атап айтқанда, Конвенцияның 26-бабында (Раста sunt servanda) сәйкес күшіне енген Әрбір шарт оның тараптары үшін міндетті болып және адал орындалуы көзделген. Алайда, жауапкер аталған Вена конвенциясы осы дауға қолдануға жатпайтының атап өтті.

Сұрақтар:

Осы тараптар арасында жасалған келісім-шартқа аталған Вена конвенциясының ережелері қолданылама?

Осы дауды шешу үшін қандай құқықтық нормалар пайдаланылуы тиіс?



Халықаралық шарттардың құқықы

Халықаралық шарттардың құқықы бұл халықаралық құқық саласындағы шартты үдерісіне қатысуын анықтайтын, оларды жасау және тоқтату тәртібін реттейтін қағидалар мен нормалардың жиынтығы.

Халықаралық шарттардың негізгі көздері:

- 1969 жылғы 23 мамырдағы халықаралық шарттар туралы Вена конвенциясы;
- 1986 жылғы 21 наурыздағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар арасындағы және халықаралық ұйымдар арасындағы шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясы

Мемлекеттің келісім-шарттық қызметін реттеу, келіссөздер жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар анықтайтын, келісімдер жасайтын, оларды ратификациялау, орындау, күшін жою тәртібін белгілейтін маңызы бар **ішкі заңнама болып табылады.**

Қазақстан Республикасының қандай нормативтік-құқықтық актілері елде халықаралық шарттардың қолданылуын реттейді?



Халықаралық шарттардың (бұдан әрі - ХШ) құқығын реттеу пәнін мыналар қамтиды:

1. ХШ жасалуының тәртібі мен кезеңдері

2. ХШ нысандары

3. ХШ күшіне ену шарттары

4. ХШ қызметін қамтамасыз ету

5. ХШ түсіндіру

6. ХШ түзетулер енгізу мен қайта қарау тәртібі

7. ХШ қолданысын тоқтату және тоқтата тұру



Тапсырма

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес Инвестициялар және даму министрлігі Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Республикасы арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімнің жобасын әзірлеуге кірісті.

Сұрақтар:

- Мұндай келісімде қандай ережелер мен ұлттық мүдделерді көздеу қажет ?
 - Қосымша орындаушы ретінде қандай мемлекеттік органдарды тартуға болады?
-



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румынияның Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімі

Құрылым:

- 1-бап Анықтамалар
- 2-бап Көтермелеу және қолдау
- 3-бап Қорғау және режим
- 4-бап Еркін аударым
- 5-бап Экспроприация
- 6-бап Шығындарды өтеу
- 7-бап Келісімнің қолданылуы
- 8-бап Басқа да міндеттемелер
- 9-бап Суброгация принципі
- 10-бап Ашықтық
- 11-бап Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды шешу
- 12-бап Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды шешу
- 13-бап Консультациялар, өзгерістер мен толықтырулар
- 14-бап Күшіне енуі, қолданылу ұзақтығы және тоқтату



Қазақстан Республикасының Конституциясы

4-бап

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық **Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің**, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

3. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

4. Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.



Талқылауға арналған сұрақтар

1. 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін жасалған Қазақстан Республикасының ратификацияланған бірқатар халықаралық келісімдері басымдыққа ие ме?

2. Егер қолданыстағы Конституция қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасынан басқа ережелерді белгілесе, онда не қолданылады?

3. Ратификациялау актілері және халықаралық шарттарға қосылу туралы актілер заңды күшіне және құқықтық салдары жақтарынан бір-біріне тең бола ма?

«Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі N 1 Нормативтік қаулысы

1. Егер халықаралық шарттардың осындай басымдығы құқықтық қатынастардың тиісті салаларын реттейтін Республика заңдарында тікелей қарастырылса, 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін жасалған, ратификациялауға жатпайтын Қазақстан Республикасының **халықаралық шарттары қолданыста болып табылады және Республика заңдары алдындағы басымдығын сақтайды.**

2. Егер қолданыстағы Конституция қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасындағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда **халықаралық шарттың ережелері қолданылады.**

